Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің қоғамдық бақылау (мониторинг)
ХАТТАМАСЫ №16

Қордай ауылы **30.10.2026 жыл**

Қатысқандар: - аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері – 4 адам.
Төрағалық етуші: Н.Молдабеков

Күн тәртібі:

1. **Аудандық орталық стадионындағы күрделі жөндеу жұмыстарына қоғамдық мониторинг (бақылау) жүргізу.**

Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы Н.Молдағұлов пен кеңес мүшелері қоғамдық бақылау бағытындағы жұмыстары аясында аудандық орталық стадионда жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының барысына қоғамдық мониторинг жүргізілді.

Қоғамдық мониторингтің негізгі мақсаты – жөндеу жұмыстарының орындалу барысымен танысу, олардың сапасына, белгіленген мерзімдердің сақталуына және жобада көзделген жұмыстардың жүзеге асырылуына қоғамдық бақылау жасау.

Мониторинг барысында стадион аумағында атқарылып жатқан жұмыстардың жай-күйіне назар аударып, жөндеу жұмыстарының барысы туралы ақпарат алу, сондай-ақ нысанның сапалы әрі талапқа сай пайдалануға берілуіне қатысты мәселелерді зерделеу көзделеді.

Аудандық орталық стадион – тұрғындардың, әсіресе жастардың спортпен шұғылдануына және бұқаралық спортты дамытуға мүмкіндік беретін маңызды әлеуметтік нысан. Сондықтан оның күрделі жөндеу жұмыстарының сапалы орындалуы, қолайлы әрі қауіпсіз жағдайлардың жасалуы аудан тұрғындары үшін ерекше маңызға ие.

Қоғамдық бақылау аясында анықталған мәселелер бойынша тиісті ұсыныстар әзірлеп, жауапты мекемелердің назарына ұсыну жоспарланады. Бұл өз кезегінде жөндеу жұмыстарының ашықтығын қамтамасыз етуге, туындаған мәселелерді уақытылы шешуге және қоғамдық мүддені қорғауға ықпал етеді. Орталық стадион осы қараша айының он күндігінде қолданысқа беріледі.

Қордай аудандық Қоғамдық кеңесі алдағы уақытта да аудан тұрғындары үшін маңызды әлеуметтік нысандарға қатысты мәселелерді назарда ұстап, қоғамдық бақылау жұмыстарын өз құзыреті шегінде жалғастырады.

Қоғамдық кеңес төрағасы **Н.Молдабеков**

Қоғамдық кеңес хатшысы **Р.Имашева**